## Жұлдызнама



**14 тамыз - 21 тамыз**

**Тоқты.** Апта айтарлықтай жаңалыққа толы болмаса да, сәтті өтпек. Сіздің жеткен жетістігіңіз еңбегіңіздің арқасында емес, біреулердің көмегімен келгенін естен шығармағаныңыз жөн.

**Торпақ.** Сіздің басқаруыңызбен өтетін бұл апта қарбаласқа толы болмақ. Кәсібіңіз бен жеке өміріңізді ретке келтіргеніңіз абзал.

**Егіздер.** Әріптестеріңіздің арқасында жетістіктерге жетуіңіз мүмкін. Батылыңыз жетсе де өз бетіңізбен артық әрекет жасаудан сақ болыңыз.

**Шаян.** Осы апта сауда-саттық жасауға қолайлы болмақ. Сауда ұйымдарымен келісім-шартқа отырып, тұрғылықты орныңызды өзгертуіңіз мүмкін.

**Арыстан.** Ешкімнің қолдауынсыз, ақылынсыз қиын жұмыстардың да шешімін табу сіз үшін оңай болмақ. Сіздің тың ойларыңыз бен жобаларыңыз аз шығын арқылы жүзеге асады.

**Бикеш.** Қызыққа толы жемісті апта болмақ. Қиын сәттерден шығуға көмек қолын ұсынушылар саны артып, көңіліңіз жай таппақ.

**Таразы.** Басқалардан көмек күтпей, өзіңізге ғана сенуге тура келеді. Іскерлік жолсапарларыңыз жемісті болмақ.

**Сарышаян.** Осы апта қарым-қатынасқа келгенде сәтсіз болмақ. Сіз қоршаған адамдардың арасынан жауыңызды іздеп, көп достарыңыздан айрылып қалуыңыз ғажап емес.

**Мерген.** Осы уақытқа дейін жинаған тәжірибеңіздің арқасында айналаңыздағы адамдармен қарым-қатынасыңызды ретке келтіресіз.

**Тауешкі.** Айналаңыздағы адамдардың қалағанын істеуде кикілжің тууы мүмкін. Дегенмен, істеген әрекеттеріңізге есеп беріңіз.

**Сукұйғыш.** Сіздің тың жобаларыңыз басшылыққа ұнап, қаржыландыратын адамдар табылуы мүмкін. Жобаңызға қызығушылық танытатын адамдардың саны да артады.

**Балықтар.** Осы апта сіз үшін қолайсыз болмақ. Ұсақ-түйек шаруаларға көп көңіл бөліп, маңызды мәселелерді ұмыт қалдырмаңыз. Денсаулығыңызға көңіл бөліңіз.

## Құттықтаймыз!



Ағыбет ауылдық округінің төбе биі, ауданның «Құрметті Азаматы», ардақты әкеміз Әлмырза Еркебаев мерейлі жетпіс жасқа толып отыр.

Ә.Еркебаев ауданның және ауылдық округінің қоғамдық жұмыстарына белсене араласып, ел аманатын абыроймен атқарған азамат. Есімі қалың қауымға белгілі, істері мен өмір жолы өнеге.

Бұғанасы қатпаған бала күнінен еңбекке араласып, Красная Нива совхозында бас шопанның көмекшісі болып бастайды. Одан соң әскер қатарында азаматтық борышын өтеп келіп, түрлі еңбектер атқарады. Автокөлік жүргізушісі, аға жұмысшы, Майбұлақ совхозындағы Жаңаталап бөлімшесінің аға жұмысшысы, Алғабас, Жаңаталап бөлімшелерінің меңгерушісі және Жаңаталап өндірістік кооперативінің төрағасы сондайақ 2009 жылға дейін Боралдай орман шаруашылығы мекемесінің өрт сөндіру инспекторы болып қызмет етіп, зейнеткерлікке шықты.

Іскер жұмысшы, үлгілі азамат, ардақты қария атанған әкеміз бүгінде қоғамдық жұмыстардан шет қалып көрген емес. Зейнетке шыққаннан бастап Жаңаталап ауылының биі, 2015 жылдан Ағыбет атырабының төбе биі қызметтерін жүргізіп келеді. Содан болар мінсіз қызметтері үшін В.И.Лениннің 100 жылдық, «Батыр шапағаты» мерекелік төсбелгілерімен, облыс, аудан басшыларының тарапынан бірнеше рет «Алғыс хатқа» қол жеткізген.

Ардақты ақсақалдың қара шаңырағындағы орыны да ерекше Жұбайы Оңал апамызбен 9 ұл-қыз, отызға жуық немере тәрбиелеп, отбасының мерейін тасытып отыр.

Қуанышыңыз құтты болсын!  
Жан болған соң бауырмал да, жайдары,  
Ынтымақтың сіз ұйытқысы, қайнары.  
Жетпіс беске жетіп тұрған жасыңыз,  
Әулетіміздің сізсіз алтын айдары!  
Ағайынның ақсақалы – өзіңіз,  
Тебериктей батаңыз да, сөзіңіз.  
Біз – баламыз, колыңызға су құяр,  
Сізді көріп тұрған кезде көзіміз.  
Ақсақалсыз билік айтқан, қой дескен,  
Қаншама ой шығады екен тойда естен...  
Біздің тілек жүзге жеткін, жан әке,  
Қол ұстасып жүріңіз ағайынмен, туыспен!

**ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: жұбайы Оңал, ұл-қыздары мен немерелері.**

## Ескі монша орны қашан тазаланады

Жуырда редакциямызға ауылдың тазалығына бей-жай қарап отыруды дұрыс санамаған ілгерідегі ескі моншаны айнала қоныс тепкен тұрғындар хат жолдады.



**Хат желісі мынадай:**

«Біздер А.Мақашев, М.Ешімов, Н.Әжібеков, Д.Шадиярбек, Ғ.Қойшыбаева үйіміздің жанындағы бұзылып кеткен бұрынғы моншаның құрылыс қалдықтарынан бірнеше жылдан бері көз ашпай келе жатырмыз (суретте). Шашылып жатқан қалдықтар, тау болған үйінділерді сол кезде аталмыш жайды сатып алған кәсіпкердің «бұзу жұмыстары басталған кезде-ақ тазалап, реттеп, тегістеп беріп кетеміз» деген уәделерін кәсіпкер Нұржан Тұрмағанбетов қуаттаған еді. Міне, уәденің орындаларына сеніп келе жатқанымызға үш жыл.

Ендігі қызықты қараңыз, кәсіпкер Н.Тұрмағанбетов иелігіндегі жерді тағы біреуге сатып жіберіп айтқан сөзін бүгінде естен шығарған сыңайлы. Айра-жайра болған көшенің жайын кейінгі иесіне де айттық. Айттық дейміз, өзі де көрді ғой. Бірақ біз айтқанға дейін көрмеген кейіпте жүрген. Сонымен ол кісі де алдыңғы жер иесінің берген уәдесін қайталады. Одан бері талай уақыт өтті.

Үйлеріміздің алдын қанша тазаласақ та қирап жатқан құрылыс қалдықтарынан сәні кірмей тұр. Оның үстіне жазғы демалыста жүрген ұл-қыздарымыз азанды-кеш осы қоқыс үйіндісінің қасында жүреді. Біреуін басып қалады ма деген қауіп те жоқ емес. Көліктеріміздің доңғалақтары сан рет жарылды, аяқжолымызда да қалдықтар шашылып жатыр. «Банядан» қалып кеткен салмағы тоннадан асатын бөшкелер де қараусыз әр жерде қалған». Міне, шаяндық бір топ тұрғын осылай деп наразылықтарын айтуда.

Аудан бойынша абаттандыру жұмыстары қарқынды жүріп жатқанда әсіресе Шаян көркейген ауылға айналып отырғанда ескі монша көшесінің қиранды қалдықтардан ұсқынсыз кейіпке енгені жоғарыдағы кәсіпкерлердің азаматтықтарына сын. Ендігі кезекте олардың сыннан нәтиже шығаратындығына сенгіміз келеді.

**Д.МЕДЕУОВА.**  
**"Алғабас".**

## Қазақ өнерінің Серкесі

Жыл басында «Ұлт ұлыларын ұлықтайтын жыл» тақырыбымен, ұлтымыздың әдебиет, мәдениет, өнер саласындағы майталмандарының есімдерін атағанбыз.

Биыл – ұлтымыздың театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі Серке Қожамқұловтың туғанына 120 жыл толып отыр.

Актер, ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі, Қазақстанның Халық әртісі, КСРО және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Социалистік Еңбек Ері Қожамқұлов Серәлі Қостанай облысының Қарабалық ауданында 1896 жылы туған.

Троицкідегі Уазифа мектебінде, Орынбор қаласындағы Татар халық ағарту институтында оқыған. Осы жылдары «Мұсылмандар клубында» Б.Майлиннің «Қаламқас», «Бетім-ау, құдағи ғой», «Қасқырбай», «Неке қияр», тағы басқа шағын пьесаларда рөлдер ойнаған. 1925 жылы Қызылорда қаласында тұңғыш ұйымдастырылған Қазақ драма театрына И.Байзақов, Ә.Қашаубаев, Е.Өмірзақов, Қ.Қуанышбаев, Ж.Шаниндермен бірге Қожамқұловтың шақырылуы оның актерлік өміріне даңғыл жол салған елеулі оқиға болады. Осы тұста сахна өмірінен тәжірибесі мол Қожамқұлов театрдың алғашқы режиссері ретінде қызмет етеді. Театр 1926 жылы қаңтардың 13-де ресми түрде ашылып, бірнеше спектакльді сахнаға шығарды. Сатиралық образдар жасаудың шебері саналатын актер бірқатар қарапайым еңбек адамдарының жағымды бейнесін сахнаға шығарған. Ол 30-шы жылдардан бастап «Райхан», «Амангелді», «Ана туралы аңыз», «Тыныштық», «Біздің сүйікті дәрігер», «Алдар көсе», тағы басқа фильмдерге түсіп, Қазақстанның кино өнерінің дамуына өз үлесін қосты. Қожамқұлов туралы режиссер Қ.Әбусейітов «Сераға» атты деректі фильм түсірсе, композитор Ә.Бейсеуов «Сераға туралы әнін» шығарған. Жезқазған қаласындағы музыкалық драма театры мен Алматыдағы бір көшеге есімі берілген. Үш мәрте Ленин орденімен, Қазан революциясы, 2-ші дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдарымен марапатталған.

Көпшілік Серке деп атап кеткен өнер майталманы туралы бүгінгі буын білмеуі мүмкін. Сондықтан да қазақ өнерінің серкесі болған Қожамқұлов туралы мағлұмат беруді жөн санадық.

**Э.ЖАМАШОВА.**  
**"Алғабас".**

Бәйдібек ауданы әкімдігінің "Алғабас" газеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігі



Редактор
Бағдат ҚАЛАУБАЙ.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: 160200 Шаян ауылы, Т.Тасболатұлы көшесі, № 1 үй. Телефон: редактор 2–18–01 Тілшілер: 2–20–35, 49-162.

Материалдар «Алғабас» газеті редакциясындағы компьютер орталығында беттеліп, «ERNUR-print» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында дайын үлгіде офсеттік тәсілмен басылды.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2003 жылғы 10 сәуірде тіркеліп, оған №3730-Г куәлігі берілген. Қазақсан Республикасы Әділет министрлігінің Оңтүстік Қазақстан облыстық әділет департаменті Бәйдібек аудандық әділет басқармасында қайта тіркеуден өткізіліп, 2013 жылғы 17 тамызда 404-1958-02-ЖШС анықтамасы берілген.

Беттеушілер: Мария БҰРХАНБЕКҚЫЗЫ. Жанар ЕРБОЛҒАНОВА.

Кезекші: Мықтыбек САДЫҚБЕКОВ.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделеді және кері қайтарылмайды.

Біздің электронды поштамыз: e-mail: algabas-shayan@mail.ru

ИНДЕКС: 66831, жылына 52 рет шығады. Баспахананың мекен-жайы Шымкент қаласы, Т.Әлімқұлов көшесі, №22 үй. Тапсырыс №2452

Таралымы 3700

№35 (9143) жұма 12 тамыз 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси апталық газет

БӘЙДІБЕК

1935 жылдан шыға бастады

# Алғабас

**Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:** Тәуелсіздік Туын тігуге қаншалықты қажыр-қайрат керек болса, оны құлатпай сақтап қалуға соншалықты қажыр-қайрат керек.

## "АЙБАЛТА"-2016 ІС-ШАРАСЫ ӨТТІ

Облыс әкімінің шешіміне сәйкес тамыз айының алғашқы онкүндігінде ауданымызда аумақтық қорғаныс бригадасымен бірлескен республикалық командалық штабтың «Айбалта - 2016» оқу-жаттығу іс-шарасы өтті. Оқу-жаттығуды ұйымдастырудағы басты мақсат – аса маңызды нысандарды күзету және қорғау, десанттық және диверсиялық қарсыластармен күресу, соғыс жағдайында тәртіп орнату мен қолдауды қамтамасыз ету.

Біздің аудандағы қорғаныс ротасы – «Арлан», «Собр» және өрт сөндіру, емхана мекемелерінің бөлімдері қатысқан тактикалық оқу-жаттығу жұмыстары талап деңгейінде өтті.





Суреттерді түсірген: М.САДЫҚБЕКОВ.

«Айбалта - 2016» тактикалық оқу-жаттығу аумақтық қорғаныс бригадасы басқармасымен бірлескен командалық штабтың оқу-жаттығу іс-шарасының қорытындылау кезеңіне облыс әкімінің орынбасары Ж.Бөкенбаев, аудандық аумақтық қорғаныс бастығы, аудан әкімі Б.Көшербай қатысты. Бұл тактикалық оқу-жаттығу жиынына басшылықты аумақтық қорғаныс бригадасының басшысы полковник М.Макатов жасады. Жалпы үйлестіру жұмыстарының жүйесімен подполковник Қ.Бекбауов таныстырды.

«Айбалта - 2016» тактикалық оқу-жаттығу іс-шарасының ұйымдастырылуы мен атқарылған жұмыстар оң бағаланды.

**«АЛҒАБАС» - ақпарат.**

## Аудан әкімдігінде

Жақында өткен әкімдік мәжілісінде «Ауданды ауыз сумен жабдықтау туралы» тұрғын үй бөлімінің басшысы Б.Ысқақов, «Аудандағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді түгелдеудің барысы туралы» ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Ә.Ысқақ, «Аудандағы жер қойнауын пайдалану саласын мемлекеттік реттеу жұмыстарының барысы туралы» кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Е.Үсенұлы, «Жалпы білім беретін мектептердің 2015-2016 оқу жылы бойынша білім сапасының қорытындысы туралы» білім бөлімінің басшысы А.Құлымбет, «Қазақстан Республикасы тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» іске асыру жөніндегі ауданның 2014-2016 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының орындалу барысы жөнінде» Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Е.Есмырзаев есеп берді.

Мәжілісті жүргізген аудан әкімі Б.Көшербай бөлім басшыларына өз салалары бойынша орын алған олқылықтарды тез арада жөндеу мен ретке келтіруге нақты тапсырмалар берді.

x x x

Аудан әкімдігінің кезекті аппарат мәжілісінде аудан әкімінің орынбасары А.Темір қаржының игерілуі және мемлекеттік сатып алу; аудан әкімінің орынбасары И.Түймебаев сібір жарасы ошақтарының орындарын оқшаулау, құжаттарын реттеу, Шаяндағы Т.Рысқұлов көшесінің бойындағы сауда нүктелерінің орналасу заңдылықтарын нақтылау, егін орағы науқанын аяқтау, игерілмей жатқан жерлерді түгелдеу туралы баяндады. Кәсіпкерлік, ішкі саясат бөлімдерінің басшылары Е.Үсенұлы мен Ө.Алдамжаров өз салалары бойынша белгіленген тапсырмалардың орындалуы туралы есептер берді.

Аудан әкімі Б.Көшербайдың басшылығымен өткен мәжілісте осыған дейінгі орындалған жұмыстар талқыланып, алдағы міндеттер белгіленді.

"Нұр Отан" іс үстінде

## Қоғамдық қабылдау

Жуырда облыстық мәслихат депутаты, облыстық мәслихаттағы «Нұр Отан» партиясының фракция жетекшісі Шәріпбек Жамалбекұлы ауданда болып халықпен кездесті.

«Нұр Отан» партиясының аудандық филиалында жасалған Қоғамдық қабылдауға түрлі өтініш-тілектерін айтып бірнеше адам келді. Келушілердің өтініштерін дер кезінде қанағаттандыруға баса назар аударылды. Аудандағы тиісті мекеме басшылары, ауыл әкімдері шақырылып туындаған сауалдарға жауаптар берілді. Облыстық мәслихат депутатының қабылдауында аудан әкімі аппарат басшысы Б.Жанғазиев, Шаян ауылының әкімі Б.Тиындықова, «Нұр Отан» партиясы аудандық бақылау комиссиясының төрағасы Б.Қалаубай, Саяси Кеңестің Бюро мүшелері, партия активтері қатысып отырды. Кездесу жиыны Жамбыл ауыл әкімшілігіне қарасты Жүзімдік ауылында жалғасты. Ауыл тұрғындарына төрт ай аралығында облыстық мәслихаттың қызметі мен «Жер кодексіне» енгізілетін өзгерістер, «Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту», «Несие алу жолдары» мен тағы да басқа мәселелер бойынша Ш.Жамалбекұлы кеңінен баяндады. Сондай-ақ, аудандық мәслихат депутаты С.Спабеков те ауданда атқарылып жатқан жұмыстар мен мәслихат жұмыстарының жұмысын талдап берді. Жүзімдіктік қариялар ауылдағы ауыз су мен ағын судың шешілмей отырғандығы мен ауыл ішіндегі жолдарға тас төселсе деген өтініштерін жеткізді.

Ауыл әкімі К.Ахметов туындаған сұрақтарға жауап берді.

Алдағы уақытта да облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен сайлаушылардың кездесулері жалғаса береді.

**Е.ЖАНАТБЕКҰЛЫ,**  
**«Нұр Отан» партиясы аудандық филиал консультанты.**

## Ел жаңалықтары

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Түркия Республикасына ресми сапармен барып, Президент Режеп Тайип Ердоғанмен келіссөздер өткізді. Бір айта кетерлігі, Қазақстан Президенті Түркияда жүзеге аспай қалған әскери төңкерістен кейін осы елге ресми сапармен келген алғашқы Мемлекет басшысы болып отыр. Бұл сапар сонысымен сипат алып, бауырлас халықтың ыстық ықыласына ие болды.

x x x

Қазақстан Президенті Н.Назарбаев Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышевты қабылдады. Кездесу барысында Д.Ақышев Ұлттық банктің қазіргі қызметі, ақша-несие саясатының басты бағыттары туралы, сонымен қатар елдің қаржы нарығындағы ахуалы туралы баяндады. Мемлекет басшысы кездесу қорытындысы бойынша бірқатар тапсырма берді.

x x x

Моңғолияның қазақтар қоныстанған Баян-Өлгей аймағында толассыз жаңбыр жауып, соның салдарынан аймақ орталығында сел жүрген болатын. Селден зардап шеккен отбасыларға Оңтүстік Қазақстан облысынан арнайы көмек керуені барды. Қандастарымызға кәсіпкерлердің демеушілігімен түрлі азық-түлік тауарлары жеткізілді.

x x x

ҚР Білім және ғылым министрлігінің бастамасымен «Мектепке жол» дәстүрлі жалпы республикалық қайырымдылық акциясы биыл ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Бақытты балалық шақ мекені» ұранымен өтеді. Биыл сегізінші рет ұйымдастырылып отырған акцияның мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасылар, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар ішінен оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын қадағалау.

x x x

Оңтүстік Қазақстан облысының делегациясы Австрия Республикасына іссапарын бастады. Іссапар барысында делегаттарымыз аталған елдегі дәнекерлік электрод шығаратын Voestapine Bohier Welding зауытының, Andritz AG су электр стансасының жұмысымен танысуда.

x x x

Облыс әкімі Б.Атамқұлов ҚР Инвестициялар және даму министрлігі автомобиль жолдары комитетінің төрағасы М.Пішембаевпен кездесті. Басқосуда ведомства жетекшісі «Батыс-Еуропа – Батыс Қытай» автожолы мен «Жібек жолы» шекара өткелі, Шақпақ ата тоннелінің құрылыс учаскелеріндегі жұмыстардың барысы, Төрткүл, Шәуілдір, Арыстанбаб және Абай ауылы /Сарыағаш ауданы/ учаскелеріндегі жөндеу қарқыны туралы баяндады.

# Заңды шешімін табады

Аудан прокуратурасының ұйымдастыруымен аудан көлемінде ұзақ мерзім аралығында берешек сомаларын, оның ішінде алимент бойынша қарыздарын төлемей жүрген борышкерлердің тұрғылықты мекен-жайларын сот орындаушыларының, БАҚ өкілдерінің, имамдардың қатысуында аралап, олармен сұхбаттасу арқылы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Соған қарамастан бүгінгі таңда, алимент төлеуден жалтарып жүрген борышкерлер саны азаймауда. Ең өкініштісі, алимент төлеуден жалтаратындардың көбісі ақшасының болмауынан бұрын, өз балаларының тағдырына немқұрайдылық танытып, олардың алдындағы міндеттеріне салғырт қарайды.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 138-бабында ата-аналардың кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағу жөніндегі міндеттер: «Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағуға міндетті», - деп айқын көрсетілген.

Егер ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларына күтіп-бағу қаражатын ерікті түрде бермеген жағдайда, бұл қаражат олардан сот тәртібімен өндіріліп алынады.

Дүниеге келген сәбиді кәмелеттік жасқа жеткенше тәрбиелеп, олардың алдындағы өз міндеттерін тиісінше орындау, қатарынан қалдырмай өсіру – әкенің де, ананың да ортақ парызы екенін есте сақтаған жөн.

Атап өтер жай, алиментті тек сот орындаушылардың мәжбүрлегенімен ғана емес, адал тәртіпте төлеу керек. Өйткені балаларды асырау - әрбір ата-ананың міндеті деп түсінуіміз қажет.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес аудан көлемінде қазіргі таңда сот орындаушылардың өндірісінде жалпы 262 алимент өндіру туралы атқару құжаттары орындалуда.

Сот орындаушылардың өндірісіндегі алимент өндіру туралы атқару құжаттарының басым бөлігі борышкерлердің жұмыс орындарына айлық-жалақысынан ұстап, өндіріп алушыға аударып отыру үшін жолданған.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңының 19-бабына сәйкес ата-анасы немесе олардың орнындағы адамдар өздерінің қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес баланың күтілуі мен жан-жақты дамуына қажетті өмірлік жағдайларды қамтамасыз етеді.

Осы Заңының 24 бабына сәйкес ата-анасы немесе басқа да заңды өкілдері өздерінің қабілеті мен қаржы мүмкіндіктері шегінде баланың жан-жақты дамуы үшін қажетті жағдай жасауға міндетті.

Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының талаптарына сәйкес сот орындаушысы борышкердің жалақысынан және басқа да табыстарынан ақшаның дұрыс және уақтылы ұсталуына, сондай-ақ ұсталған соманың өндіріп алушыға уақытында жіберілуіне бақылау жасап отыруды жүзеге асыруға міндетті.

Жоғарыда аталған Заңның 35-бабының талаптарына сәйкес борышкер сот орындаушысының талабы бойынша оған өзінде бар мүлік туралы ақпарат беруге, сондай-ақ табыс көздері туралы мәліметтерді хабарлауға міндетті. Осы бапта көрсетілген мәліметтерді ұсынудан бас тарту не көрінеу жалған мәліметтер ұсыну атқарушылық құжатты орындамау болып табылады деп көрсетілген.

Борышкердің алимент төлеуден әрбір жалтару әрекеті үшін заңда қылмыстық, әкімшілік жауапкершіліктері көзделген.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 669-бабында сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау үшін әкімшілік жауаптылық көзделген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 139-бабына сай ата-ананың кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеу жөніндегі міндеттерін үш айдан астам орындамаған жағдайда алиментшіге екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазалары қарастырылған.

Ағымдағы жылдың өткен мерзімінде аудан прокуратурасының алимент өндіру туралы атқару құжаттарының орындалуы заңдылығына жүргізілген тексерулер нәтижесінде борышкерлер тарапынан сот актілерінің орындалмайтыны анықталды.

Мәселен, борышкер Г.Ускенбаев сот бұйрығының 2013 жылдың сәуір айында шығарылғанына қарамастан, 2013 жылдан бері аталған соттың бұйрығы бойынша өзіне жүктелген міндетті алимент қарызын төлеуден қасақана бас тартып жүрген.

Бұл жағдайға қатысты аудан прокуратурасы Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 669-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы әкімшілік іс өндірісін қозғап, негізінен қарау үшін аудандық сотқа жолдаған. Сот қаулысымен борышкер Г.Ускенбаевқа 3 тәулікке әкімшілік қамауға алу түріндегі жазасы белгіленген.

Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес прокуратура органдары және сот орындаушылар борышкерлердің әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселесін шешуде.

Аудан көлемінде ұзақ мерзім аралығында алимент бойынша борышкерлер - Серәлиев Дүйсебай 3 741 587 теңге, Үлкенбаев Мейрхан Мырхзаханович 1 124 907 теңге, Турлиев Бекболат 1 122 751 теңге, Октябр Байжан 190 910 теңге, Дуйсенов Ергали 787 750 теңге, Алишеров Самат 870 276 теңге, Кауменов Даурен 679 299 теңге, Зауырбеков Қайрат 877 355 теңге, Келдибеков Калдыбек 939 910 теңге, Мамыров Қайрат 361 315 теңге, Умирбеков Арипхан 409 325 теңге, Балтабаев Ерғали 540 951 теңге, Темирбеков Фархат 342 390 теңге берешек сомаларын төлемей жүрген.

Алдағы уақытта бұл мәселе өзінің заңдылық шешімін табатын болады.

**Ө.ӘБДІҚАЛЫҚОВ,**
**аудан прокурорының міндетін атқарушы.**

# “Медиация туралы” заң қабылданды

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі.

Қазіргі уақытта сотта істерді қарау кезінде татуластыру рәсімдерін, соның ішінде медиацияны кеңінен қолдану заң үстемдігін қамтамасыз етудегі басым бағыттардың бірі болып табылады.




Осы мақсатта Қазақстан халқы Ассамблеясының аясында «Медиация күні» Республикалық акциясын өткізуге байланысты 2016 жылдың 5 тамызы күні сағат 11.00-де аудандық соттың ғимаратының мәжіліс залында «Ашық есік күні» өткізілді.

Іс-шараға аудан тұрғындары, аудандық билер алқасының төбе биі, аудандық кәсіби емес медиаторлар, аудандық ішкі саясат бөлімінен, аудандық Қоғамдық келісім мүшелері, жергілікті орган өкілдері және БАҚ өкілдері қатысты.

«Ашық есік күнінде» аудандық соттың судьялары қатысушыларға заң кеңестерін беріп, оларға дауларды сотқа дейін және соттан тыс реттеу институттарының маңыздылығын түсіндіріп, кеңінен насихаттады.

Іс-шараның қорытындысы бойынша қатысушылар медиация институтының азаматтардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, оны қалпына келтірудің тиімді тетігі, сондай-ақ қоғамдағы жанжалдарды дер кезінде шешудің баламалы тәсілі екені туралы тұжырымға келді.

**АУДАНДЫҚ СОТТЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

# Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі

Аудандағы білім, мәдениет, денсаулық, ауылшаруашылығы, экономика және басқа да саланың мамандарының ұйымдастыруымен «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі» 2016 жылдың 19 тамыз күні сағат 10-00-де Шаян ауылындағы Е.Шөкеев көшесінде орналасқан №1 мектеп-интернатында өтетінін хабарлаймыз. Жәрмеңке екі бағытта өткізіледі. Бірінші бағыт: бос жұмыс орындарына жұмысқа орналасу; екінші бағыт: жаңа жұмыс орындарына жұмысқа орналасу.

**Қосымша анықтама алу үшін:** аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен 8-725-48-2-16-35 және халықты жұмыспен қамту орталығынан 8-725-48-2-22-80, 2-25-80 телефондары арқылы хабарласуларына болады.

**АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ.**

# Салық кодексіне мүлікті жария етуге байланысты енгізілген өзгерістер

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 13 қарашадағы № 400-V Заңына сәйкес 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексіне төмендегі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Салық кодексінің 54-бабы 1-тармағы «Жеке тұлғаның салық міндеттемесі төмендегі 3) тармақшамен толықтырылды:

«3) «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда, тәртіппен және шарттармен тоқтатылады».

Салық кодексінің 180-2-бабы «Жеке тұлғаның, сондай-ақ шағын бизнес субъектілері үшін арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкерлердің мүлікті (ақшадан басқа) жарғылық капиталға салым ретінде беруі кезіндегі құн өсімінен түсетін табыс» мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылды:

«6-1. «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жария етілген, сатып алу бағасы (құны) жоқ және жария ету үшін алым төлеу бойынша міндеттеме орындалған мүлікті жария еткен тұлға оны жарғылық капиталға салым ретінде берген кезде заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көрсетілген салым құнын негізге ала отырып, айқындалған мүлік бағасы (құны) мен өткізілетін мүлікті жария ету үшін алымды есептеу үшін теңгемен айқындалған бағалау құны арасындағы оң айырма құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады».

Салық кодексінің 185 бабының 1-тармағы «Жеке табыс салығы бойынша декларацияны мына резидент салық төлеушілер» мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылды:

«6) меншік құқығында:

шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шет мемлекеттің құзыретті органында (ол бойынша құқықтар және (немесе) мәмілелер) мемлекеттік немесе өзге де тіркелуге (есепке алынуға) жататын жылжымайтын мүлкі;

эмитенттері Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тіркелген бағалы қағаздары;

Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде тіркелген заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі бар жеке тұлғалар тапсырады».

Салық кодексінің 221-1-бабы «Қазақстан Республикасынан тысқары жерлердегі көздерден алынған мүлікті өткізуден түсетін табысты айқындау тәртібі» мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылды:

2-1. «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жария етілген, сатып алу бағасы (құны) жоқ және жария еткені үшін алым төлеу бойынша міндеттеме орындалған мүлікті жария еткен тұлға оны өткізген жағдайларда мүлікті өткізу бағасы (құны) мен өткізілетін мүлікті жария ету үшін алынатын алымды есептеу үшін теңгемен айқындалған бағалау құны арасындағы оң айырма құн өсімінен түсетін кіріс болып табылады».

Салық кодексінің 557-бабы «Салық құпиясы» мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылды:

«3-1. Салық органдары «Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар адамдарға олардың мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жария етуді жүргізу процесінде алған салық төлеуші туралы мәліметтер мен ақпаратқа осы баптың 3-тармағының нормалары қолданылмайды.

**А.ӨТЕБЕКОВ,**
**аудандық Мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы.**



## Хабарландыру

# “Бәйдібек-несие” КС” ЖШС кепілдікке қойылған мүліктерге сауда жариялайды

Шаян ауылы, Сарыпбеков көшесі, №564 уч. орналасқан 1991 жылы салынған тұрғын үй, жалпы алаңы 99,9 ш.м. оның ішінде тұрғын алаңы 76,1 ш.м. (бастырма, мал қора, сарай) қосалқы құрылыстарымен, 0,16584 га учаскелік жерімен. Кадастрлық нөмірі: №19-286-080-564;

Бастапқы бағасы: 4 135 500 теңге;

Сауда 24 тамыз 2016 жылы сағат 11-00-де Шаян ауылы, Абай көшесі н/с мекенжайы бойынша «Бәйдібек несие» КС» ЖШС кеңсесінде өткізіледі. Саудаға қатысу тәртібі: Мүліктің бастапқы бағасының 10 % көлеміндегі жарнаны төлеп ашық саудаға қатысады. Жеңген тұлға сатып алған мүліктің құнын сауда өткен уақыттан бастап 3 банктік күн ішінде «Бәйдібек несие» КС» ЖШС-нің кассасына төлеуі керек.

Саудаға қатысуға өтініштер Шаян ауылы, Абай көшесі н/с мекенжайы бойынша 24.08.2016 жылғы сағат 10-00 дейін қабылданады.

Анықтама алу үшін 8/725-48/2-14-04, 8-701-488-47-90 телефондар арқылы хабарласуға болады.

## Объявление

# ТОО “КТ “Байдибек-несие” объявляет о проведении торгов на заложенное имущество

Недвижимое имущество: жилой дом общей площадью 99,9 кв.м, в т.ч. жилой площад 76,1 кв.м. 1991 г/п, вместе с надворными постройками (сарай, навес, кошара) с земельным участком, площадью 0,16584 га. кадастровый №19-286-080-564, расположенный по адресу: с.Шаян, ул.Сарыпбекова, уч. №564.

Стартовая цена: 4 135 500 тенге;

Торги состоится 24.08.2016 года 11-00 часов в здании ТОО «КТ «Байдибек-несие» по адресу: с.Шаян, ул.Абая, б/н.

Условия участия в торгах: Гарантинный взнос для участия в торгах составляет 10 % от стартовой стоимости предмета торга. Победитель торгов объязан заплатить стоимость приобретенного с торгов имущества в течении 3 банковской дней в кассу ТОО «КТ «Байдибек-несие».

Заявки для участия в торгах принимаются по адресу: с.Шаян, ул.Абая, б/н. до 10-00 часов 24.08.2016 года.

Контактный телефон:
8/725-48/2-14-04,
сот: 8-701-488-47-90.

## Жарамсыз деп танылсын

М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебін 2009-2010 оқу жылында бітірген Акимбеков Акимжан Акимбекулының атына берілген №0068349 орта білімі туралы аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

## Хабарландыру!

**Араққұмарлықтан арылтамын, 100 пайыз кепілдікпен.**
**Телефон:**
**8-775-355-80-97,**
**8-707-471-88-41.**

# Жәрмеңке - 2016

Аудандық білім бөлімі мемлекеттік мекемесі 2016 жылғы 19 тамыз күні сағат 10-00-де Шаян ауылындағы №1 жалпы орта мектеп-интернатының базасында бос жұмыс орындары мен лауазымдар "Жәрмеңке - 2016" іс-шарасы өткізіледі.

Жәрмеңкеде мемлекеттік жоғары және арнаулы оқу орындарының күндізгі бөлімін бітірген жас мамандар мен бұрыннан педагог мамандығы бар жұмыссыздарға аудандағы білім мекемелеріндегі бос жұмыс орындары мен лауазымдық қызметтерге орналасуға мүмкіндік жасалады.

Толық мәлімет алғысы келетіндер алдын ала аудандық білім бөліміне 8-725-48-2-15-52 телефонына хабарласуына және тіркелуіне болады.

**АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ.**



## “ГАЗ-53” автокөлігі сатылады

**Машина (суретте) дизель майымен жүреді. Коробка передачі “ЗИЛ”-дікі, двигателі МТЗ-80-дікіне ауыстырылған. Жүк көтеру қуаты 6 тонна. Бағасы келісім бойынша.**
**Телефон: 8-775-309-93-71.**

# Демікпе

Демікпемен ауыратын адамда тұншығу ұстамасы жиі болады. Дем алысында, сыртқа дем шығарғанда, шуыл немесе сырыл болады. Ішке қарай дем тартқанда бұғана және қабырға арасындағы тері ауаны қиналып тартқаннан ішке қарай сорылып, жабысады. Егер науқасқа ауа жетіспесе, оның тырнақтары мен еріні көгереді, мойын тамырлары білеуленіп тұрады. Әдетте ыстығы көтерілмейді.

Демікпе ұстамасы аллергиялық реакциялардың салдарынан да болуы мүмкін. Балаларда демікпе әдетте салқын тиюден басталады. Кейбір жағдайларда, көңіл-күйдің бұзылуынан да немесе мазасыз жағдайлардан да демікпе ұстамасы болуы мүмкін. Демікпе алдында - тыныстың демікпесі болып өткен организмдегі халжағдай, күшті жөтел ұстайды: көбінесе тыныс жолдарының қабынып, қызарып ауруы түрінде немесе ұзаққа созылған өкпенің қабынуы түрінде, мұрынның аллергиялық ауруы немесе мұрын ауруының қалыптан тыс ауытқуы түрінде дамиды.

**Емдеу жолдары:**

- егер демікпе үйде өршитін болса, онда науқас сыртқа, ауасы таза жерге шығуы керек;
- сұйықты барынша көп беріңіз. Ол шырышты сілекейді босатып, тынысты кеңейтеді. Бу ингаляциясын жасаудың да көмегі бар;
- ұстама жеңіл болса, эфедрин, теофиллин немесе сольбутамол беріңіз;
- науқастың жағдайы тым ауыр болса, жедел жәрдем шақырыңыз;
- температура көтерілген жағдайда немесе ұстама үш күннен астамға созылса, тетрациклин немесе эритромицин капсулдарын беріңіз;
- демікпенің аскаридадан болуы өте сирек жағдайда ғана. Егер сізде, жас балада аскарида болуы мүмкін-ау деген күдік болса, онда оған пилеразин беріп көріңіз, беті бері қарамаса, онда дәрігерге барыңыз.

**Алдын алу:** демікпемен ауыратындар өзіне тұншығу ұстамасын тұғызатын заттардан аулақ болуға тиіс. Құсты немесе басқа да аңдарды үйде ұстауға болмайды. Кейде ашық ауада ұйықтау да жақсы. Сілекейді босату үшін күніне кем дегенде 8 стақан су ішіңіз. Демікпемен ауыратын адамның ауасы таза жерге қоныс аударғаны жөн.

**Н.ЖҰМАҒҰЛОВ,**
**аудандық аурухананың терапия бөлімінің меңгерушісі.**

# Еске алу



Қазақта “Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ” деген астарлы мақал бар. Пенде болған соң жақынын қара жерге бермейтін, қабырғасы қайыспайтын жан жоқ.

Біздің де ақжарқын, бауырмал, ақ көңіл әкемізден айрылғанымызға он жылдың бедері болыпты. Жеті ұл-қыз өсіріп, қуанышымызды көрер шағында қош айтысамыз деп ойладық па?

Әкем қарапайым ғана еңбек адамы еді. Ол кісі бір сәт қарап отыра алмайтын. Тынымсыз, шаруақор болды. Өмірінің соңына дейін жиырма бес жыл қырман басында жүріп тер төкті. Көзін көрген замандастары әлі күнге еңбегін айтып отырады. Тіпті «Қосыбайдың қырманы» деп ол кісінің еңбегіне ауыл адамдарының лайықты теңеуі қалған.

Осынша жылдар өтсе де күлімдеген көзқарасы күні кешегідей көз алдымызда. Ендігісі еске алып, Алладан сабыр, медет тілеп, дұға оқығаннан өзге қолымыздан келер қайран не? Бақұл бол, әке, жатқан жерің жаннатта болсын дейміз.

Қайтыс болғанына он жыл өткен әкеміз Қосыбай Амантайұлының рухына бағышталған еске алу асын Ағыбет ауылындағы өз үйінде тамыздың 17 күні сағат 12-00-де береміз. Барша құда-жекжат, дос-жаран мен ағайын-туыс, көрші-қоланды құран ішінде болуға шақырамыз.

**АМАНТАЕВТАР отбасы.**

# Ниетке ортақтасыңыздар

Шаңырағымыздың берекесі, отбасымыздың ұйытқысы болып отырған Игенбекова Жамал анамыз 96 жасында дүниеден өткен еді. Ұзақ жасаған анамыз перзенттерінің қызығын көріп, немере, шөберелерін еркелетіп өсірді. Өзінің өмірден көрген, түйгендерін бізге үйретті. Апамыздың жарық дүниемен қоштасқанына да қырық күн болыпты.

Кеткенменен арамыздан
алыстап,
Іздеп жүрміз жабырқасақ,
жабықсақ.
Ғұмыр бойы жадымызда жүресіз,
Қол жаямыз құран сізге бағыштап,

- дей келе, 14 тамыз күні /13 тамыз қонақасы/ Шымкент қаласындағы «2050» дәмханасында сағат 13-00-де анамыздың қырық күндік асын бергелі отырмыз. Құран ішінде болыңыздар, құда-жекжат, ағайын-туыс және анамызды білетін барша жамағат.

**АСҚА ШАҚЫРУШЫЛАР: ҰЛ-ҚЫЗДАРЫ.**

# Жылдық асы



Шақпақ ауылында ғұмыр кешкен ардақты анамыз Мырзақұлова Әшіркүл Ділдәбекқызының бұл фәниден өткеніне де жылдың жүзі болды. Анамыздың мейірімді жүзі мен аялы алақаны бүгінде сағынышқа айналып отыр.

Еске алсақ жанарға жас
ілігеді,
Ойсыраған орының білінеді.
Жаның болғай жаннатта деп тілейміз,
Дұға етеміз рухыңа біздер енді,

- деп асыл анамызды еске аламыз. Ардақты анамыздың жылдық асы үстіміздегі жылдың 20 тамызында /19 тамыз қонақасы/ Шақпақ ауылы, Б.Ержанов көшесіндегі қарашаңырағымыз №42 үйде беріледі. Барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жарандарды құран ішінде болыңыздар дейміз.

**АСҚА ШАҚЫРУШЫ: ЕРЖАНОВТАР отбасы.**

# Қырқына шақырамыз



Бірімізге аяулы ана, бірімізге мейірімді әже, әпке бола білген Төлеген Күлпаршын Колярқызы 76 жасында дүниеден өтті. Екі ұл мен жеті қызды өсіріп, олардан немере-шөбере сүйіп, ақылын беріп отырған ардақтымыздың мәңгілік сапарға кете барғанына көңіліміз әлі сенбейді.

Қанша қимағанымызбен қолдан келер дәрмен жоқ. Бір ғана тілеріміз, анамыздың жаны жаннаттық болсын, рухы пейіште шалқысын.

Жан-ана, ұл-қызыңның тірегі
едің,
Тірі болсаң жарқылдап жүрер
едің.
Болмасаң да бүгін біздің
жанымызда,
Айтқан сөзің, тәтті күлкің
жадымызда.
Жұбанышпен жанымыз
жабырқаулы,
Сағынышпен туғандары еске
алады.
Өзіңізбен өткен күндер,
Жадымызда мәңгіге сақталады,

- дей келе анамыздың қырық күндік асын 20 тамыз күні /19 тамыз қонақасы/ Бірлік ауылындағы өз үйінде сағат 12-00-де бергелі отырмыз. Барлық туған-туыс, құда-жекжатты және анамыздың көзін көргендерді шақырамыз.

**АСҚА ШАҚЫРУШЫ: ҰЛ-ҚЫЗДАРЫ.**

Аудан әкімдігі мен аудандық мәслихат аппараты ауданның төбе биі Іліясов Шекербекке жұбайы

**БАЗАРКҮЛДІҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Аудандық ішкі саясат бөлімі және ардагерлер кеңесі мен билер алқасы ауданның төбе биі Іліясов Шекербекке жұбайы

**БАЗАРКҮЛДІҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Аудандық білім бөлімі мен кәсіподағы және Т.Қазақбаев жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімі

**ЖАБАШОВА Айжан Ниязқызының**

қайтыс болуына байланысты отбасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

## Аудандық сайлау комиссиясының 2016 жылғы 10 тамыздағы №4 шешімі

**Бөген ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау және сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңына және 2013 жылғы 24 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» №555 Жарлыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі №792 Жарлығының негізінде аудандық сайлау комиссиясы ШЕШТІ:

1. Бөген ауылдық округі әкімінің сайлауы 2016 жылғы 17 қыркүйекке тағайындалсын.

Кандидаттар ұсыну 2016 жылғы 18 тамыздан басталсын.

2. 2016 жылдың 17 қыркүйегіне тағайындалған, қоса тіркеліп отырған Бөген ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілсін.

3. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

**М.ҚЫРЫҚБАЕВ,**
**аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.**

**Б.ТҰРЛЫБЕКОВ,**
**хатшысы.**

**Аудандық сайлау комиссиясының 2016 жылғы 10 тамыздағы №4 шешімімен бекітілді**

2016 жылғы 17 қыркүйекке тағайындалған Бөген ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспары:

1. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік тұрғындарының назарына жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау күні туралы хабарды жеткізу. Аудандық сайлау комиссиясы. (п.11)

2. Бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті аумақтық сайлау комиссиясының құрамын жариялау.

Аудандық сайлау комиссиясы.

Сайлау тағайындалғаннан кейін 10 күннен кешіктірмей.(пп.1), 7) п.9).

3. Әкімдікке кандидаттарды балама негізде аумақтық сайлау комиссиясына тиісті әкімнің ұсынымы мен кандидаттардың тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында әкімдікке кандидаттар ретінде дауысқа түсуге келісетіні туралы өтініштерді беруі арқылы ұсыну.

Аудан әкімі.

Сайлау күнінен 30 күн бұрын 2016 жылғы 18 тамыздан басталады және сайлау күніне 25 күн қалғанда – 2016 жылғы 22 тамызда аяқталады. (п.п. 13, 14, 15)

4. Таңдаушылардың тізімдерін жасау және оларды дауыс беруге арналған пунктте ілу.

Аудандық сайлау комиссиясы тиісті мәслихат хатшысының ұсынуы бойынша.

Дауыс беру күніне 7 күн қалғанда – 2016 жылғы 10 қыркүйек. (пп. 1, 7) п.п. 9, 48).

5. Әкімдікке кандидаттың Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы 3-тармағында және Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізу ережесінде қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау, тиісті хаттама жасау.

Аудандық сайлау комиссиясы.

Үш күннің ішінде. (п.п. 12, 17, 19).

6. Тұрғылықты жері бойынша 2016 жылғы 1 тамыз есебімен салық органдарына табысы мен мүлкі туралы декларация тапсыру.

Кандидат және оның зайыбы (жұбайы).

Кандидат тіркелгенге дейін. (п. 18).

7. Кандидаттарды тіркеу және тиісті куәлік тапсыру.

Аудандық сайлау комиссиясы.

Барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін басталады және дауыс беретін күнге 15 күн қалғанда – 2016 жылғы 2 қыркүйекте аяқталады. (п.п. 20, 24).

8. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге тәсілмен кандидаттардың тіркелгені туралы хабарлау.

Аудандық сайлау комиссиясы.

Кандидаттар тіркелгеннен кейін 7-ші күннен кешіктірмей – 2016 жылғы 8 қыркүйекке дейін. (пп 1) п. 22).

9. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) жариялаған табысы және мүлкі туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру.

Салық қызметі органдары.

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларацияны тапсырған күннен бастап 7 күннің ішінде. (п. 19)

10. Кандидаттардың сенім білдірілген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру.

Аумақтық сайлау комиссиясы.

Сенім білдірілген адамдардың тізімдерін тіркеу үшін берген сәттен бастап.

(пп. 2) п. 9, п.п. 33, 34).

11. Кандидаттарға таңдаушылармен кездесулері үшін шарт негізінде үй-жайлар беру. Кандидаттардың бөлінген үй-жайда таңдаушылармен кездесу кестесін жасау және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

Жергілікті атқарушы органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары.

Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары.

Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде.(пп. 1,7) п.9)

12. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу.

Әкімдікке кандидаттар, олардың сенім білдірілген адамдары.

Кандидаттарды тіркеу аяқталған күннен басталады және сайлау күнінің алдындағы күні – 2016 жылғы 15 қыркүйек жергілікті уақыт бойынша 24 сағатта аяқталады. п. 28)

13. Аумақтық сайлау комиссияларында сайлау қорларын тіркеу.

Әкімдікке кандидаттар, олардың сенім білдірілген адамдары.

Кандидаттың тиісті аумақтық сайлау комиссияларына өтініш жасаған сәтінен бастап бір күнтізбелік күннің ішінде. (пп. 1,7) п. 9) 14.

Сайлау қорларының арнайы уақытша шоттарын ашу.

Аудандық сайлау комиссиясы.

Кандидат тіркелгеннен кейін.

(пп. 1, 7) п. 9).

15. Дауыс беруге арналған пунктті ашу, тиісті хаттама жасау.

Аудандық сайлау комиссиясы.

Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда. (п. 52).

16. Әкімнің сайлауын өткізу. Әкімді сайлау жөніндегі дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелерін жария ету, әкімді сайлау нәтижелері туралы хаттама жасау.

Аудандық сайлау комиссиясы.

Бір күннің ішінде – 2016 жылғы 17 қыркүйек.(п.п. 47-54)

17. Сайланған әкімді тіркеу. Шешімді жоғары тұрған әкімге және тиісті мәслихатқа ұсыну.

Аудандық сайлау комиссиясы.

Сайлау өткізілген күннен бастап бес күндік мерзімде – 2016 жылғы 21 қыркүйектен кешіктірмей. (п. 57).

18. Кандидаттың сайлау қоры қаражатын пайдаланғаны туралы аудандық сайлау комиссиясына есеп беруі.

Әкімдікке кандидаттар.

Сайлау қорытындылары анықталғаннан кейін 5 күннен кешіктірмей – 2016 жылы 21 қыркүйекке дейін. (п. 44).

19. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында сайлау қорытындылары және сайланған әкімді тіркеу туралы хабар жариялау.

Аудандық сайлау комиссиясы.

Сайлау өткізілген күннен бастап 7 күннен кешіктірмей – 2016 жылғы 23 қыркүйекке дейін. (пп. 1, 7) п. 9, п. 59).

### Аудандық сайлау комиссиясы

| Комиссия құрамындағы қызметі | Аты -жөні, тегі | Жұмыс орны, атқаратын қызметі |
|---|---|---|
| Төрағасы | Қырықбаев Марат Есіркепұлы | №1 жалпы орта мектеп-интернатының директоры |
| Хатшысы | Турлыбеков Берик Нургалиевич | Ұйымдастыру- инспекторлық бөлімшесінің бас инспекторы |
| Мүшесі | Сабиров Нұржан Турарович | Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары |
| Мүшесі | Әбенов Кәдіржан Жұмашұлы | Аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы |
| Мүшесі | Калходжаев Нұралы Қожахметұлы | «Ауыл қызмет» МКК директорының орынбасары |
| Мүшесі | Айтуаров Батыр | Аудандық ауруханаының дәрігері |

**Соңы. Басы 3-бетте/.**

**3. Главный специалист образования района Байдибек (категория E-R-4) 1 ед.**

**Функциональные обязанности:** Проведение проверок в государственных учреждениях образования по соблюдению действующих законодательств Республика Казахстан. Организация и планирование работ по обеспечению педагогов района методиками через методических кабинет, поддержка творческих работ педагогов, организация мероприятий по их поощрению. Обеспечение по качественному оформлению и хранению личных дел директоров школ, сотрудников отдела.

**Функции контроля:** Контроль за соблюдением соответствия требований стандартов государственного общего образования содержаний учебно-воспитательного процесса.

**Требование к участникам конкурса:** по специальностям образования.

**Необходимые для участия в конкурсе документы**: 1) заявление по форме приложению 2, согласно утвержденному приказу Министра по делам государственной службы Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 12 Правилы проведения конкурсов на занятие административной государственной долж-ности корпуса «Б»;

2) заполненная анкета с фотографией размером 3х4 по форме согласно утвержденному приказу Министра по делам государственной службы Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года №12 Правилы проведения конкурсов на занятие административной государственной должности корпуса «Б» приложению 3;

3) копии документов об образовании, засвидетельствованные нотариально;

4) копия документа, подтверждающего трудовую деятельность, засвидетельствованная нотариально;

5) справка о состоянии здоровья по форме, утвержденной приказом и.о. Министра здравоохранения Республики Казахстан от 23 ноября 2010 года №907 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 21 декабря 2010 года № 6697);

6) копия документа, удостоверяющего личность, гражданина Республики Казахстан;

7) сертификат о прохождении тестирования на знание законодательства с результатами не ниже пороговых значений, действительный на момент подачи документов (либо нотариально засвидетельствованная копия сертификата);

8) заключение о прохождении оценки личных качеств в уполномоченном органе, действительное на момент подачи документов для участия в конкурсе (либо нотариально засвидетельствованную копию заключения).

Срок приема документов (для общего конкурса – 7 рабочих дней со дня последней публикации объявления о проведении общего конкурса);

Представление неполного пакета документов является основанием для отказа в их рассмотрении конкурсной комиссией. Граждане могут предоставлять дополнительную информацию, касающуюся их образования, опыта работы, профессионального уровня и репутации (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, характеристики, рекомендации, научные публикации, иные сведения, характеризующие их профессиональную деятельность, квалификацию). Лица, изъявившие желание участвовать во внутреннем конкурсе представляют документы в государственный орган, объявивший конкурс, в нарочном порядке, по почте или в электронном виде на адрес электронной почты, указанный в объявлении либо посредством портала электронного Правительства «E-gov» или интегрированной информационной системы «е-қызмет» в сроки приема документов. При предоставлении документов в электронном виде на адрес электронной почты государственного органа либо посредством портала электронного Правительства «E-gov», их оригиналы представляются не позднее одного рабочего дня до начала собеседования.

При их непредставлении, лицо не допускается конкурсной комиссией к прохождению собеседования.

Для занятия вакантной или временно вакантной административной государственной должности корпуса «Б» государственным органом проводится внутренний конкурс среди государственных служащих данного государственного органа, в котором также вправе участвовать государственные служащие его ведомства, территориальных подразделений, а также иные лица, определенные настоящим Законом и законом, определяющим правовые основы, а также порядок организации деятельности дипломатической службы Республики Казахстан. Лицо в течение тридцати календарных дней со дня увольнения с административной государственной службы вправе занять административную государственную должность корпуса «Б» по итогам внутреннего конкурса при условии, если он не состоял в трудовых отношениях с иными физическими и юридическими лицами, а также не выезжал за пределы Республики Казахстан. В этих случаях на данное лицо не распространяются требования о прохождении обязательной специальной проверки, об установлении испытательного срока и о представлении декларации о доходах и имуществе, принадлежащем ему на праве собственности, при условии ее сдачи им по прежнему месту работы.

В качестве наблюдателей на заседании конкурной комиссии могут присутствовать депутаты Парламента Республики Казахстан и маслихатов всех уровней, представители средств массовой информации, аккредитованные в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, других государственных органов, общественных объединений (неправительственных организаций), коммерческих организаций и политических партий, сотрудники уполномоченного органа. В процессе собеседования наблюдатели не задают кандидатам вопросы. Не допускается совершение наблюдателями действий, препятствующих работе конкурсной комиссии, разглашение ими сведений, касающихся персональных данных кандидатов, конкурсных процедур, в которых принимают участие кандидаты, использование ими технических средств записи. Для присутствия на заседании конкурсной комиссии в качестве наблюдателя лицо регистрируется в службе управления персоналом (кадровой службе) не позднее одного рабочего дня до начала проведения собеседования. Для регистрации лицо предоставляет в службу управления персоналом (кадровую службу) копию документа, удостоверяющего личность, оригиналы или копии документов, подтверждающих принадлежность к организациям, указанным в пункте 30 согласно утвержденному приказу Министра по делам государственной службы Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года №12 Правилы проведения конкурсов на занятие административной государственной должности корпуса «Б».

До начала проведения собеседования секретарь конкурсной комиссии ознакамливает наблюдателей с памяткой для наблюдателя по форме согласно приложению 1 к согласно утвержденному приказу Министра по делам государственной службы Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года №12 Правилы проведения конкурсов на занятие административной государственной должности корпуса «Б».

Наблюдатели знакомятся с протоколами заседаний конкурсной комиссии и представить свое мнение о работе конкурсной комиссии в письменной форме руководству соответствующего государственного органа и уполномоченному органу.

Участники конкурса и кандидаты могут обжаловать решение конкурсной комиссии в уполномоченный орган или его территориальное подразделение, либо в судебном порядке в соответствии законодательством Республики Казахстан.

Сайт Министерества Республики Казахстан по делам государственной службы: **www. kyzmet.gov.kz**



## «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына орналасуға жалпы конкурс туралы хабарландыру

### Барлық конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

**E-G-1санатына:** Жоғары білім. Мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан немесе осы санаттағы нақты лауазымының функционалдық бағытына сәйкес салаларда үш жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе С-R-5, E-R-5, E-G-2 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында не саяси лауазымдарда бір жылдан кем емес; мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде орталық, облыстық,қалалық немесе аудандық деңгейдегі құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органдардың қатардағы құрамындағы лауазымдарда екі жылдан кем емес; осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда үш жылдан кем емес; жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы; ғылыми дәрежесінің болуы.

**E-R-4 санатына:** Жоғары білім. мемлекеттік қызмет өтілі мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе C-R-5, E-R-5, E-G-2 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында не саяси лауазымдарда бір жылдан кем емес;

2) мемлекеттік қызмет өтілі орталық, облыстық, қалалық немесе аудандық деңгейдегі құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік органдардың қатардағы құрамындағы лауазымдарда екі жылдан кем емес; осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда жұмыс өтілі екі жылдан кем емес; жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы; ғылыми дәрежесінің болуы.

### Әкімшілік мемлекеттік қызметшінің лауазымдық жалақысы

| Санаты | Еңбек сіңірген жылдарына байланысты | |
|---|---|---|
| | min | мах |
| E-G-1 | 94173 | 126845 |
| E-R-4 | 62461 | 84114 |

**Бәйдібек ауданы әкімінің аппараты.**

160200 Бәйдібек ауданы, Шаян ауылы, Б.Қарашаұлы көшесі № 49 үй.

Анықтама үшін тел: 8/72548/2-23-91, эл. почта personal-baidibek@mail.ru

**1. Ақбастау ауылдық округі әкімінің орынбасары (E-G-1 санаты, 1 бірлік):**

**Негізгі функционалдық міндеттері:** Әкім аппараты әкімшісі болып табылатын бюджеттік бағдарламаларды әзірлеп, тиісті мәслихаттың бекітуі үшін жоғары тұрған әкімдіктің қарауына енгізеді және бюджеттік бағдарламаны әзірлеу кезінде жергілікті қоғамдастық жиналысының талқылауына жергілікті маңызы бар мәселелерді Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес аудан бюджетінің құрамында көзделген бағыттар бойынша қаржыландыру жөніндегі ұсыныстарды шығарады, азаматтардың өтініштерін, арыздарын, шағымдарын қарайды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қолданады, елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады, жергілікті әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жәрдемдеседі, тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

**Бақылау функциясы:** ауыл әкімінің шешімдері мен өкімдерінің орындалуын, аппарат мамандарының жұмысын бақылайды.

**Үйлестіру функциясы:** елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстардың, туысы жоқ адамдарды жерлеуді және зираттар мен өзге де жерлеу орындарын тиісті қалпында күтіп ұстауды, атаулы әлеуметтік көмек пен кедейшілікке қарсы күрес салаларының жұмысын үйлестіреді.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Білім, гуманитарлық ғылымдар, құқық, әлеуметтік ғылымдар және бизнес, жаратылыстану ғылымдары, техникалық ғылымдар және технологиялар, ауыл шаруашылығы ғылымдары, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету, ветеринария, мемлекеттік және жергілікті басқару.

**2. Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылыр көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маман-заңгері (E-R-4 санаты, 1 бірлік):**

Функционалдық міндеттері: Бірыңғай бюджеттік жүктемемен бекітілген бюджеттік бағдарламалар бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу; әділет органдарында жедел басқару құқығын мемлекеттік тіркеуді, мүлік және жылжымайтын мүлік объектілерін тіркеуді іске асырады; коммуналдық шаруашылықта коммуналдық қызмет көрсетудегі кәсіпкерліктің, бәсекені және өндірісті монополиясыздандыруды әр түрлі меншік нысандарын дамытуға және халыққа және бюджеттік сала объектілеріне кәсіп орындар ұсынатын коммуналдық қызметтерге, жолаушыларды тасымалдауға бағалар мен тарифтердің дәлелділігін келіседі және тексереді, олар бойынша қорытындылар береді және баға мен монополияға қарсы саясат бойынша облыстық мемлекеттік комитетке келісуге ұсыныстар енгізеді. Мемлекеттік мүлікті мемлекет иелігіне алу және жекешелендіру шараларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады; Мемлекеттік тұрғын үй қоры үйлеріндегі тұрғын жайларға қоныстану құқығына жалдау шарттарын; қызметтік тұрғын жайларын алуға жалдау шарттарын; Тұрғын үйлерді жекешелендіру туралы шарттарды рәсімдеуді жүзеге асырады.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Құқық, заңгер, құқықтану және халықаралық құқық.

**3. Аудандық білім бөлімінің бас маманы (E-R-4 санаты, 1 бірлік)**

**Функционалдық міндеттері:** Мемлекеттік білім беру мекемелерінде Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңдылықтарына тексеру жүргізу. Аудан деңгейінде педагог-кадрларды әдістемелік кабинет арқылы әдістемелік қамтамасыз етуді жоспарлау және ұйымдастыру, педагог-кадрлардың шығармашылық жұмыстарына қолдау көрсету, көтермелеу шараларын қарастыру. Мектеп директорларының жеке құжаттарын жүргізу, бөлім қызметкерлері құжаттарының сапалы рәсімделуін, сақталуын қамтамасыз етуді қамтамасыз етеді.

**Бақылау функциясы:** Жергілікті бағыныстағы ұйымдарында оқу тәрбие процесі мазмұнының мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келуіне бақылау жасап отырады.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Білім мамандығы.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар**:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу Қағидаларының 2-қосымшасына сәй-кес нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде заңнаманы білуіне тестілеуден өткені туралы шекті мәннен төмен емес нәтижелері бар қолданыстағы сертификат (немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесі);

8) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органда жеке қасиеттерін бағалауды өту туралы қолданыстағы қорытынды (немесе қорытындының нотариалдық куәландырылған көшірмесі).

Құжаттарды қабылдау мерзімі (жалпы конкурс үшін – жалпы конкурс туралы хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап 7 жұмыс күні);

Жалпы конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға құжаттарын қолма-қол тәртіпте, почта арқылы не хабарландыруда көрсетілген электрондық почта мекен жайына электронды түрде не «E-gov» электронды Үкімет порталы арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде тапсырады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды электронды түрде электрондық почта не «E-gov» электронды Үкімет порталы арқылы бе-рілген жағдайда азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күннен кешіктірілмей береді. Оларды бермеген жағдайда тұлға конкурс комиссиясымен әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушылар әңгімелесу процесінде кандидаттарға сұрақтар қоймайды. Байқаушыларға конкурс комиссиясының жұмысына кедергі келтіретін іс-әрекеттер жасауға, кандидаттардың жеке басы деректеріне қатысты мәліметтерді жариялауға, кандидаттар қатысатын конкурс рәсімдерінде олардың техникалық жазба құралдарын қолдануға жол берілмейді.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, осы Қағидалардың 30-тармағында көрсетілген ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Конкурс комиссиясының хатшысы байқаушыларды әңгімелесу басталғанға дейін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандағы байқаушыларға арналған жадынамамен таныстырады. Байқаушылар конкурс комиссиясы отырыстарының хаттамаларымен танысады және тиісті мемлекеттік органның басшылығына және уәкілетті органға конкурс комиссиясының жұмысы туралы өздерінің пікірлерін жазбаша түрде бере алады. Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешіміне шағымдана алады.

Сайт Министерства Республики Казахстан по делам государственной службы: **www. kyzmet.gov.kz**

## Объявление общего конкурса для занятия вакантных административных государственных должностей корпуса «Б»

### Общие квалификационные требования ко всем участникам конкурсов:

**Для категории E-G-1:** высшее образование; наличие следующих компетенций: инициативность, коммуникативность, аналитичность, организованность, стратегическое мышление, лидерство, этичность, ориентация на качество, ориентация на потребителя, нетерпимость к коррупции; опыт работы должен соответствовать одному из следующих требований: не менее двух лет стажа государственной службы либо трех лет стажа работы в областях, соответствующих функциональным направлениям конкретной должности данной категории, в том числе не менее одного года работы на должностях следующей нижестоящей категории, предусмотренным штатным расписанием государственного органа либо не ниже категорий C-R-5, E-R-5, E-G-2 либо на административных государственных должностях корпуса «А» или политических государственных должностях; не менее трех лет стажа государственной службы, в том числе не менее двух лет на должностях рядового состава правоохранительных или специальных государственных органов центрального, областного, городского либо районного уровней; наличие не менее трех лет стажа работы в областях, соответствующих функциональным направлениям конкретной должности данной категории; завершение обучения по программам высшего и послевузовского образования на основании государственного заказа в организациях образования при Президенте Республики Казахстан или в зарубежных высших учебных заведениях по приоритетным специальностям, утверждаемым Республиканской комиссией по подготовке кадров за рубежом; наличие ученой степени.

**Для категории E-R-4:** высшее образование; наличие следующих компетенций: инициативность, коммуникативность, аналитичность, организованность, этичность, ориентация на качество, ориентация на потребителя, нетерпимость к коррупции; не менее одного года стажа государственной службы на должностях следующей нижестоящей категории, предусмотренным штатным расписанием государственного органа либо не ниже категорий C-R-5, E-R-5, E-G-2 либо на административных государственных должностях корпуса «А» или политических государственных должностях; не менее двух лет стажа государственной службы на должностях рядового состава правоохранительных или специальных государственных органов центрального, областного, городского либо районного уровней; не менее двух лет стажа работы в областях, соответствующих функциональным направлениям конкретной должности данной категории; завершение обучения по программам послевузовского образования на основании государственного заказа в организациях образования при Президенте Республики Казахстан или в зарубежных высших учебных заведениях по приоритетным специальностям, утверждаемым Республиканской комиссией по подготовке кадров за рубежом; наличие ученой степени.

### Должностные оклады административных государственных служащих

| Категория | В зависимости от выслуги лет | |
|---|---|---|
| | min | мах |
| E-G-1 | 94173 | 126845 |
| E-R-4 | 62461 | 84114 |

**Аппарат акима района Байдибек.**

Инд: 160200 район Байдибек, село Шаян, ул. Б.Карашаулы №49,каб №26.

Телефон для справок: 8/72548/2-23-91 эл. почта Personal_baidibek@mail.ru

**1. Заместитель акима Акбастауского сельского округа (категория E-G-1,) 1 ед.**

**Функциональные обязанности:** Подготовка бюджетных программ, администратором которых является аппарат акима сельского округа и вносить на рассмотрение акимата района для утверждения районным маслихатом, подготовка предложений по финансированию проектов с республиканского, областного и местного бюджетов, организует рассмотрение заявлений и жалоб, принимает меры по защите прав и свобод граждан. Организует работу по благоустройству и озеленению, санитарной очистке населенных пунктов, способствует развитию местной инфраструктуры, организует работу по охране и сохранению историческо-культурного наследия.

**Функции контроля:** Контроль за исполнением решений и распоряжений акима сельского округа, за работой специалистов аппарата акима сельского округа.

**Функции координации:** Координирует работу по благоустройству, озеленению, освещению и санитарной очистке населенных пунктов, организации похорон лиц без родственников, содержанию кладбищ, оказанию адресной социальной помощи малообеспеченным семьям, по борьбе с бедностью.

**Требования к участникам конкурса:** по специальностям Образование, гуманитарные и социальные науки, право и бизнес, естествознание, технические науки и технологии, сельское хозяйство и ветеринария, здравоохрание и социальное обеспечение, государственное и местное управление.

**2. Главный специалист-юрист районного отдела жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог 1ед. (категория E-R-4).**

**Функциональные обязанности:** Организация и проведение госзакупок по бюджетным программам утвержденных бюджетными нагрузками: государственную регистрацию прав оперативного управления объектов недвижимости и материальных ценности; согласовывает и проверяет правильность, дает заключения и предложения по ценам и тарифам в данной отрасли, именно в развитие предпринимательства и демоконолизации коммунального хозяйства, пассажирской перевозки перед областными органами по ценам и антимонопольной политики. Участвует мероприятиях по приватизацию государственных имуществ или приобретению их в государственную собственность. Обеспечивает исполнении договоров по аренде жилых и служебных помещении оформлении договоров по приватизацию жилых домов.

**Требования к участникам конкурса:** по специальностям Правовед, юрист, международное право.

**/Жалғасы 6-бетте/.**

# Резерв

Ойда жоқта кездесіп қалдық. Насұрла Алмабаевпен. Оқыстан ұшырастық дейтін себебім, Нәкең ағамыз Боралдай аумағында тұрады. Оның ішінде де Жоғарғысында. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін Шаянға шыли жолы түсе бермеген-ау, кездеспеппіз. Мына жолығысуымызда да өзі дауыстай сәлемдесіп, өткен-кеткенді ә дегеннен еске түсіретін, екеумізге ғана аян жайды екі ауыз сөзбен өрнектей тіл қатты: «Ау, резервім-ау, орныңды қашан бересің? Мен әлі күтіп жүрмін» деп. Сол дауыстың иесін іздей жалт қараған әр сәтімде жадырай күліп келе жатқан Насұрла ағаны көретінмін. Иә, Алғабастағы Ғани Мұратбаев атындағы орта мектептің директоры, Насұрла Алмабаев деген кісіні аудандық партия комитетінің идеология бөлімінің меңгерушісі қызметіндегі маған резервке қойыпты аудандық партия комитеті облыстық партия комитетінің келісімімен. Бұл - 1989 жылдың маңайы. Коммунистік партияда қайта құру саясаты пәрмен алып, бірімізді-бірімізге сәл қызмет бағыты ұқсаса резервке қойып жатқан шақ. Онысымен де тоқтамай, резервтерді қосақтай облыстық партия комитетінің саяси ағарту кабинеті деген зәулім кеңсеңізде (қазіргі «облыстық «Нұр Отан» партиясының жайы) табандатқан бір ай оқытсын.



Міне, Нәкең екеуміздің жолымыз осылай түйіскен еді. Тарих көші кілт бұрылды да, көп ұзамай коммунистік партия өзін-өзі таратып тынды. Мен облыста жаңадан ашылған «Жібек жолы» журналына кеттім, Нәкең Жоғарғы Боралдайдағы Боралдай орта мектебіне дире--ктор болып ауысыпты. Уақыт өзгеріп жатса да Насұрла ағаның мені көрген жерде «ау, резервім, орныңды қашан бересің, мен әлі күтіп жүрмін» дейтін әзіл сөзі бір айтылып қалады.

- Келіңіз, орын дайын, - деймін.

- Жоқ, бұл емес, баяғы бөлім бастығының орнын тауып бер, - дейді ол кісі жадырай күлетін мінезіне басып. Өстіп жүрген Насұрла Алмабаев жоғарыда айтқанымдай көптен бері ұшыраспай кеткенді. Мына жолығысында «сіз осы ылғи резервті аңсайсыз да жүресіз, шын жасыңыз қаншада?» дедік біз.

- Биыл тура жетпістемін, - деген Нәкеңнің жүзінен жетпіс жастың тұлғаға таңбалар өзгерістерін таппадым. Әлі сол жас кезінде де бетінде байқалатын әжімдері тереңдемеген, «свежий» қалпындағыдай көрінеді көзімізге. Қаншама жыл бір-бірімізді іштарта жақын сөйлесіп жүрсек те, өмірдерегін сұрамаппын. Оны да білудің сәті осы жолы ғана түсті.

Борлысай ауылы аумағындағы Қошқарата жұртында дүние есігін ашқан Насұрла Алмабаев 1962 жылы Қ.Сәтбаев атындағы орта мектепті бітіріп, сол маңайдың жастары бір соқпай кетпейтін Байжансай руднигінде «проходшы» болып еңбек етіпті. Одан соң кеңестік әскер қатарында борышын өтеп келген жас жауынгер Кеңсай мектебіне мұғалімдікке қабылданады. Жиырма бес жасында бұрынғы Целиноградтағы педагогикалық институттың студенті атанып, отыз жасында аяқтайды. Осы студенттік жылдарында коммунистік партия қатарына өтеді. Ал коммунист студентті институт басшылығы жауапты қоғамдық қызметтерге жегетіні белгілі. Жатақхана коменданты, студсоветтің төрағасы, факультет кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған белсенді студентті институт ректоры Б.Сұңқарбеков облыстағы Егіндібұлақ (бұрынғы Краснознамен) ауданына орта мектепке директорлыққа ұсыныс жасап орындатады. Сол ауданның бірнеше мектебінде 1985 жылға дейін директорлық қызмет атқарған Алмабаевты туған жерге бір күш қоймай тарта берсе керек. Содан директорлықты тастап, ауданымызға оралғанда, С.Ерубаев орта мектебіне директордың орынбасары қызметіне қолы жетеді. Ал 1987 жылы бізге резервтікке іліндірген Ғ.Мұратбаев орта мектебіне директорлыққа тағайындалып, 1994 жылы Боралдай орта мектебіне басшылыққа ауысады. 2009 жылы осы директорлықтан зейнеткерлікке шыққан Насұрла ағамыз Боралдайдан алысқа ұзамай жүріп жатыпты.

Неге сирек көрінетінін сұрасам: «Күн суыта бастағаннан келіншегіміз екеуміз қол ұстасқан күйде қаладағы перзенттеріміздің үйіне тартып кетеміз. От жақпаймыз, қолды жылы суға малып отырамыз қыстай. Ал көктем шыға ауылға оралып, есік алдын гүлдендіріп, таудың таза ауасымен демалып, жазды бағбандықпен өткіземіз» деп күледі. Ол кісінің қолынан біраз нәрсенің келетінінен хабардармыз. Өйткені Ғ.Мұратбаев мектебінде оқушылардың қатысуында механикаландырылған автоматты сүт сауатын кіші ферма ашылған еді. Сол ферманың жұмысын жарнамалайтын облыстық семинар ұйымдастырылып, оған сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы В.Темірбаев қатысқан болатын. Насұрла ағамыз қырық екі жылға созылған еңбек өтілінің отыз екі жылын мектеп директоры болып өткізіпті. Әрине, мұндай үзіліссіз басшылық қызметтің мадақталатыны белгілі. Сол кездегі Целиноград, Шымкент облыстық партия комитеттерінің құрмет грамоталары, аудандық партия комитетінің, кейінгі аудан әкімдігінің, аудандық мәслихаттың мадақтама грамоталарымен марапатталған білікті басшы «Білім беру ісінің үздігі», «Жоғарғы санаттағы ұстаз».

«Целиноград облысындағы өзім еңбек еткен аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы «Насұрла, ауылыңды қоя тұр, сәл күтсең аудандық білім бөліміне меңгерушілікке тағайындаймын, одан әрі де өсуіңе жол ашылады» деген еді. Соны тыңдамадым, ауылға аңсарым ауды да тұрды. Сол кезде қалғанымда, қазір Астанада тұратын едім», - деп өзінің әзілқойлау жадыраңқы мінезіімен күле қарап, қол беріп, жақсы десті.

Ол кісіні, осыдан ширек ғасыр бұрын кадрлық резервке бірге тұрған, сол бір қызықты жылдарды әлі күнге ұмытпай еске салудан жаңылмайтын Насұрла Алмабаевтың ізінен қарап тұрып, ойланамыз дә. «Бұл қазақ неғып туған Отаны Қазақстанда жүріп те, кіндік кескен туған жерін аңсай береді. Қазақтың кең даласының кез келген бұрышы туған жер, еліміз емес пе? Кіндік қаны тамған атамекенді аңсай беретін психологиядан ертерек ажырап, қазақтың жерін тұтас туған жерім дейтін көзқарас, отаншыл пейіл тереңдей қалыптасса дейміз. Енді солай болатын да шығар. Қазір оңтүстіктен солтүстікке көштің басы бұрылды ғой. Мүмкін, ол кезде өзге ұлттар молынан өріп жүрген соң, қазақы ортаны аңсаған шығар қазақы ауылда өскен Насұрла ағамыз. Енді қазақтың кең даласының кез келген өңірі біздің Тәуелсіз ортақ Отанымыз деген мерейіміз асқақтай бермек. Жетпістегі Нәкеңнің замандастары жетідегі немере-шөберелерін солай тәрбиелеудеміз деседі. Тәуелсіз еліміз, азат ойымыз мәңгілікке жалғаса берсін.

**Б.ШАЯНИ.**

## Орман дала алқаптарын өрттен сақтайық

Шаруашылық иелерінен егін науқаны аяқталып, жиын-терім кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауларын сұранамыз. Кейбір шаруашылықтар астықтан қалған орындыны өз бетінше өртеп, тазалық жұмысын жүргізіп жатады. Бұл дұрыс емес, яғни оның да өз тәртібі бар. Мәселен:

1. Ауыл шаруашылығындағы өртеу жұмысын бастамас бұрын өз қызметкерлеріне, сондай-ақ осы іс-шараға қатысушыларға өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау, өрт сөндіру тәсілдері туралы нұсқаулық беру ұйымдастырылады.

2. Өртеу жұмыстарын жүргізу уақытында жауапты адамдар тағайындалады.

3. Ауыл шаруашылығындағы өртеу жұмыстарын орман алқаптарына іргелес учаскелерде жүргізген жағдайда, жұмыстарды жүргізгенге дейін бір тәулік бұрын орман иелеріне хабарланады.

4. Өртеу жұмыстарын жүргізу орындарында әр өрт сөндіру автоцистернасы немесе бейімделген техника, бір соқалы трактор, өрт сөндіргіштер, күректер есебінен өрт сөндіру құралдарымен жабдықталған патрульдік бекеттер қойылады.

5. Жұмыстар жүргізу алдында ауыл шаруашылығындағы өртеу жұмысының аумағының ені кемінде 8 метр жолақпен жыртылады және ауданы 25 гектардан аспайтын учаскелерге бөлінеді.

6. Орман алқаптары, орман белгілері, егістікті қорғау жолақтары мен егістіктерді өртейтін учаскелеріне іргелес көгалдандырушы екпе ағаштардан кемінде 8 метр ары жыртылады.

7. Желдің әсері 3 баллдан аспайтын (секундына 5 метр) болғанда, жыртылған учаскелерде жауапты адамдар мен жұмыскерлердің бақылауымен жүргізіледі.

8. Жалынның тез таралуын болдырмау мақсатында ауыл шаруашылығындағы өртеу желдің ық жағынан басталады.

9. Ауыл шаруашылығындағы өртеу жұмысы аяқталғаннан кейін өртеу аумағын мұқият тексеру, барлық бықсу орындары мен жану ошақтарын анықтау және жою, қайта жанудың алдын алу үшін 3 сағат бойы қараусыз қалдырмау керек.

«Өрт қауіпсіздігі» ережелерін сақтамай, алқапты өз бетінше өртеу жұмыстарын жүргізгені үшін ҚР ӘҚБК 410-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік айыппұл салынады.

**Б.АБЫЗБЕКОВ,**
**аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.**

## ӨРМЕК АҒАШЫ

Аудандық сәулет-көркем музейінің бір экспозициясы «Кілем және кілемнен жасалған қолөнер бұйымдары» деп аталады. Экспозиция залында алашаның озық үлгілері мен алаша тоқу құрал - жабдықтары да қоса көрсетілген. XIX ғасыр мен XX ғасыр аралығын қамтыған алашалар музейге келушілерді тәнті етеді.



Ағаштан, темірден түйін түйген, жүннен көз жауын алатындай бұйым жасаған, асыл тастардан сән бұйымын соққан, сүйек пен мүйізді, шиді қиыннан қиыстырған халық шеберлерінің ісі - мақтауға тұратын өнер туындысы.

Қолөнер – дәстүрлі тұтыну және сәндік бұйымдарын жасайтын ұсақ өндіріс. Қолөнершілер негізінен табиғи шикізаттарды пайдаланып, қарапайым еңбек құралдарының көмегімен көркем композицияның шешімімен тұрмысқа қажетті мүліктер жасаған. Әрбір қолөнер туындысы өз заманының материалдық мәдениетінің үлгісі және халық талғамының әлеуметтік қоғамдық жағдайының, діни сенімінің, салт-дәстүрінің нақтылы көрінісі.

Ұлтымыздың қолының бұйым жасауға ұсынықтылығы бар азаматтары о бастан қой қырқуды басты амал ретінде қарастырған. Одан алынған жүнді неше түрге сұрыптап, іске жаратып отырған. Әжелеріміз жүн түтіп, жіп иіріп, оларды түрлі-түсті етіп бояп, өрмек керіп, алаша тоқыған. Олардың қолынан терленіп, тоқылып шыққан алаша бүкіл аймаққа кең таралып, әр үйдің сәнін келтіріп тұрды.

Қолөнер бұйымының құрал-саймандары ағаштан жасалады. Арнайы ұста шеберлер өрмек тоқуға арналған қылыш пен адарғыларды көп жылға тұтынуға шыдас беретіндей қатты ағаштан жасайды. Олар тау мен түз ағашының түр-түсін, өңезі құрғақ немесе ылғалдылығына қарай таңдайды. Сырт көзге дайын құралдар құрғақ болып көрінгенмен, олардың діңгегі ылғалдылық біржола кеуіп кетуден сақтап, серіппелі күйін ұзақ уақытқа ұстап тұрады. Ағаштың мұндай қасиеті адарғы мен қылыштың қисайып кетпеуі үшін де аса қажет. Тоқылған бұйымның бастапқы алынған өлшемі бұзылмай, сапалы болып шығуының да басты кепілі осында. Алашаны ұзарту үшін жүгірілген жіптің бір басын топтап, қашықтыққа қағатын қазығы болады.

Қазақтың қол өнері – ғажайып өнер. Бұл өнердің бұйымдары қазіргі заманның шығарып жатқан дүниелерін он орап кетеді. Қалай дегенмен де, табиғи зат өз ерекшелігімен, қанық бояуларымен, қиюы келіскен нақыштарымен өзіне тартып тұрады.

**М.РАСУЛОВА,**
**музей қызметкері.**

1991 ж.



2016 ж.



ФОТОШЕЖІРЕ

Кеңес Одағы кезінде пайдалануға берілген ҚР ауылшаруашылық министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің республикалық зертхана шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының ОҚО филиалы Бәйдібек аудандық ветеринариялық зертханасы Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында жаңа ғимаратқа көшірілді. Заманауи үлгіде салынған ғимараттың көрінісі көз тартарлық.

**Суретте: аудандық ветеринариялық зертхананың бұрынғы жайы мен жаңадан пайдалануға берілген жаңа жайы.**



# ЖАСТАРДЫҢ ДА АЙТАРЫ БАР!

**Аудандық "Қоғамдық келісім және жастар ресурстық орталығы» түрлі салада жұмыс істейтін белсенді жастардың және студенттердің қатысуымен "Жастардың да айтары бар" атты тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырды.**

**Жастар саясатын жоғары деңгейде жүргізу үшін жастардың қосар үлесі қандай? Тәуелсіз еліміздің жастары не берді, алдағы уақытта қандай істер атқармақ? Ауданымызда жұмыссыз жастарды болдырмаудың жолдары қалай жасалады? Жастарды кәсіпкерлікке тарту үшін, олардың бойындағы Отанға, елге, туған жерге деген патриоттық сезімін арттырып, белсенділігін жоғарылату үшін не істеуміз керек? Басқа да тақырыптар төңірегінде жастар тарапынан ұсыныс, пікірлер айтылып, алдағы уақытта осы мәселелерді бірлесе атқаруға шешім қабылданды. Сонымен жастар не дейді?**

**Ұлан АЙТЫМБЕТОВ, кәсіпкер:** Жалпы қандай елде болса да оның азаматтарының, оның ішінде жастардың қоғам өміріне белсене араласқаны жақсы құбылыс. Билік жастарға қоғамның маңызды мәселелерін шешетін белсенді деп қана емес, сонымен бірге ертеңгі күні елдің тұтқасын ұстайтын буын деп қарау керек. Жастар – қоғамның айнасы. Оларға қарап ертеңгі қоғамның қандай болатынын болжаймыз. Осы басқосуды пайдаланып, өз тарапымнан бірнеше ұсыныс білдірмекпін. Ауданда көңілді тапқырлар клубы құрылса, қазір КВН дейміз ғой. Өйткені КВН ойыны баршаға ұнайды. Меніңше, команда құру үшін көп уақыт не көлемді қаржы кете қоймас. Дегенмен, аталған ойынға қолдаулар керек болса, демеушілік көрсететін кәсіпкерлерді тауып беруді өз мойныма аламын. Осыдан бірнеше жыл бұрын ауданға Қазақстан КВН Одағының президенті Есағаң – Есен Елеукен келгенде, жастар ойын тамашалауға емес, сол кісіні көруге барған. Алдағы уақытта Есағаңды шақырып, өзімізден құрылған командамыздың басқалармен бәсекеге түсетіндей шеберліктерін шыңдауға ықпал етсе, көңілді тапқырларымыздың қызығушылығы артқан болар еді. Ал, мұндай ойын өткізу арқылы қосымша қаржы табуға да болады. КВН-нен түскен ақшаға өнерпаздарға сыйлық, «аренда» төлеу және басқа да мәселелерді шешуге болады. Тағы айтарым, ауданда қазір алты Ұлы Отан соғысы ардагері қалды. Оларға құрмет көрсету қашанда бізге парыз, назардан шығармайтын жағдай. Ардагер аталарымызға барып, көмек керек болса жәрдемдесіп, әңгімелерін тыңдап қайтуға әбден болады емес пе? Көңілдерін ауласақ, батасын аламыз, өткен тарихты біле түсеміз.



Қорытынды сөзімді жастардың жұмыссыздығы тұрғысында айтып өтпекпін. Қазір жер бетіндегі ең үлкен мәселе – жұмыссыздықпен күрес. Ол бізде де жүріп жатыр. Бірақ өз деңгейінде емес. Өйткені мектеп бітірген бозбала мен бойжеткен прокурор, сот, дәрігер, есепші мамандықтарын таңдайды. Неге? Себебі, ата-ана баласына ес біле бастағаннан осы мамандықтардың иесі боласың деп құлақтарына құяды. Содан жастар грантта оқыса жақсы, ал ақылы оқыса және дәл осы мамандықтарды таңдап бітірсе, орын табылмай диплом сандық түбінде жатады. Осылай әр жылда жоғары білімді жұмыссыз мамандардың қатары арта береді.

Күнделікті қарбалас тірлікке көз салып, көңілге түйе білетін жас, жан-жағындағы сұранысы жоғары кәсіби мамандықтарды байқамауы мүмкін емес. Мәселен, менің кәсібім – көліктердің май ауыстыру орыны. Қазір ауқымын кеңейтіп, бірнеше мекемелермен келісім-шарт жасасып та қойдым. Ал, кәсібімнің жандануы үшін әрине, аз уақыт кетпеді. Алғашында қалада осы кәсіпті дөңгелетіп отырған таныс кісінің қол астында жұмысшы болып еңбек еттім. Қалтада тек келісілген жалақы. Қара жұмысшыда одан басқа қосымша ақша көзі жоқ. Бір күні ойландым, алты жыл уақыт бойы бұл жерде не істеп жүрмін. Бұл кәсіпті меңгеріп те алдым, енді ауылда өз шаруамды неге бастамасқа?! Сонымен ауылға келе сала есік алдындағы гаражды оны-мұны қажетті құралдармен жабдықтап, жұмыс бастадым. Әуелгіде оңай болмағаны рас. «Клиенттер» аз, кей күндері тіпті болмай қалады. Сабыр ете білдім. Сырғып күндер өте берді, менің қызметім көлігі барлардың басым бөлігінің көңілінен шыға бастады. Осылай келушілер қатары артты. Тіпті аудандағы өрт сөндіру, жедел-жәрдем көрсету қызметінің көліктері келетін болды.

Көптің назарын аударғым келетін тағы бір мәселе, аудандағы әр жылдарда 10, 20, 25 жылдық мектеп бітіруші бірқатар түлектер ұйымдасып, ортадан ақша жинап мектебіне, ауылына игі іс жасауда. Осы бастаманы қолға алып, тиімді пайдалана білсек, нұр үстіне нұр емес пе? Сондай-ақ, ауданымызда іргелі білім ордасы №19 колледжі бар. Мұнда қазіргі таңда «слесарь», «токарь» мамандықтары бойынша білім берілуде. Осы мамандықтарға сұраныстың өте жоғары екенін мен жақсы білемін. Шараны ұйымдастырып отырған «Жастар орталығы» колледждегі аталмыш кәсіп иесі атанатын жастардың тізімін алып, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі және бірқатар кәсіпкерлерге, сұранысы бар мекемелерге жіберсе, олар да мамандарды қуана-қуана жұмысқа алады деп ойлаймын.

**Нұржан БЕГЕРОВ, аудандық білім бөлімінің әдіскері:** Аудандық білім бөлімінде қызметте жүргеніме біраз жыл болды. Өздеріңіз білетіндей, біздер мұғалімдермен және оқушылармен тікелей жұмыс жасаймыз. Меніңше аудан жастары арасында мәдени-көпшілік, спорттық іс-шараларды жиі өткізгеннің пайдасы көп. Қалта телефон, компьютерге үңілгендер бір сәт қоғамдық шараларға бет бұрып, рухани баюға мүмкіндік алады.

Бұл жерде аудан жастарынан оның ішінде жұмыссыз жастардан құрылыс топтарын құру және жас кәсіпкерлерді тарта отырып, қайырымдылық акцияларын өткізу керек. Басқосуға «Жасыл Ел» жасағынан жұмысқа тартылған жастар келіп отыр. Бұл қуантарлық жағдай. Екі қолға бір күректің табылғаны мен осы әрекеттің көп жастарға үлгі болуы – жұмыссыздықпен күрестің бірден-бір бастауы.

Аудандық білім бөлімінде дәстүрлі түрде жаңа оқу жылы қарсаңында қайырымдылық акциясы өтеді. Ұл-қызын киім-кешек, құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз ете алмаған отбасыларға белсенді жастар демеушілер тарта отырып, көмек көрсете алады.

**Ө.САРЫПБЕКОВ, аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы:** Жастарды ауданның ішкі туризмін жандандыруға шақыру «Жастар орталығының» күн тәртбінен түспесе екен. Қазіргі таңда 7 туристік бағыт, атап айтқанда: Көз әулие, Теректі әулие, Домалақ ана, Ақмешіт үңгірі, Бәйдібек ата, Қос ана, Аппақ ишан мешіт бағыттары бойынша жұмыс жасауда. Бұл бағытқа жастар тарапынан кешегі Таңбалы тастарды, Травертин тасын, Талдыбұлақ жерлерін қосу туралы ұсыныс білдіргім келеді.

**М.РАСУЛОВА, аудандық сәулет-көркем музейінің мұрағатшысы:** Өз кезегінде жастар арасында көптеп іс-шаралардың өтуін талап ету керек, орталықтың "Жасыл ел" жастар жасағын жасақтау өте жақсы бастама. Бұл бастаманы аудан жастары бір ауыздан қолдайды деп сенемін..

**С.ӘБДІҚАДЫР, "Жасыл ел" жастар еңбек жасағының жауынгері:** «Жасыл ел», «Құрылыс жасақтары» жастар еңбек жасақтарының жастар арасында насихаттау жұмыстары әлсіз оны жандандыру керек.

**К.ӘБЕНОВ, аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы:** Қазіргі таңда үкіметтік емес ұйымдарға баса көңіл бөлініп отыр. Мемлекет тарапынан түрлі гранттар беріліп, сол бағытта тиісті жұмыстар атқарылса, грант жеңімпазы атанып, «Жастар орталығы» мамандарының шеберлігі шыңдалып, өз қабілеттіліктерін көрсеткен болар еді. Осы ретте аудандық «Жастар қоғамдық ұйымының» ісін алға бастырған абзал.

Дөңгелек үстел барысында басқа да қатысушылар тарапынан түрлі ұсыныс-пікірлер айтылып, талқыға салынды. Сөздің төркіні, Шаянның өркендеп, көркеюіне, үлес қосатын жастардың қатарын арттырып, «Жастар орталығының» жұмысын жандандыруға жастар аянбай тер төгуге дайын екенін білдірді. Асқақ арман, биік мақсат, терең білім, қайсар мінез, ұлы мұрат сияқты жақсы қасиеттер еліміздегі әрбір жастың бойынан табылса, «Мәңгілік Ел» әрқашан жасай бермек!

Басқосуды аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Ө.Алдамжаров жүргізіп отырды.

**Дана МЕДЕУОВА.**

## Біздің ауыл

Қаратаудың төсінде біздің ауыл,
Адамдары меймандос, ізгі бауыр.
Жақын тұтсаң жаныңа жаз секілді,
Қарсы келсең қайыспас күзгі дауыл.

Шағын ғана мен тудым сол ауылда,
Ізгілігі, ізеті мол ауылда.
Шөп жинадым аптапты ыстығында,
Мал қайтардым аязды боранында.

Болған кезде өзімде-өз билігім,
Ерттепміндім қиялдың боз жүйрігін.
Көктем келген сәттен-ақ қозы бағып,
Бөктерлерден жинадым қозықұйрығын.

Қариядан қажырлы алған тәлім,
Жас бала едім шақырды алдан таңым.
Қызғалдағын менсінбей қырқалардың,
Таңдап тердім сайлардың сарғалдағын.

Балпаң басып көшеде бала қаздай,
Доп ойнадым достармен ала жаздай.
Қарық қылдым қызыққа елдің бәрін,
Сауық құрдым сайрандап сабақ аздай.

Жинап алып ауылдың бар баласын,
Суын кештік жағалап жар жағасын,
Бұзықтықтың жасаумен өзін қатар,
Келістіріп жасаушы ек жарнамасын.

Ерте есейдім демеймін, кеште есейдім,
Қиялымды несіне бос көсеймін.
Осы ауылдың жүріп-ақ ауласында,
Шамшырағын тұтаттым өшпес ойдың.

Балалықтың өткердім бар былығын,
Соның бәрі есімде қалды бүгін.
Шапағындай шуақты таң нұрының,
Жүрегіме сыйлаған жан жылуын.
Біздің ауыл...

**Біржан БАЙТУОВ.**

## Ел үмітін арқалап

Ойламаған жерден болды бәрі де,
Мен осыған сене алмай жүрмін әлі де.
Жалғыз маған ғана келер іс емес,
Тән нәрсе ғой мына жұрттың бәріне.

Күнделікті іс болса да жоспарлы,
Қайтты қызым бағындырып «асқарды».
Жарыстан ол жеңіп алды үш медаль,
Сол қарбалас осы күннен басталды.

Биіктерден бергейсің сен көріне,
Сапарлайсың Америка еліне.
Қаржы жағы қиын болды шындығы,
Бір жағынан қуантқанмен мені де.

Кім бар онда құшақ жайып, кел, деген,
Алыс жер ғой ата-бабам көрмеген.
Бөтен жерде не күтіп тұр, кім білсін,
Осы бір ой шыға берді көлденең.

Бірақ бізді бүкіл аудан қолдады,
Қаржыларын аямады қолдағы.
Газеттері «Шаян» менен «Алғабас»,
Жария етіп сүйіншісін жолдады.

Америка өте жақсы қарсы алып,
Вашингтон, Нью-Йоркта ән салып.
Қайтты қызым ақтап елдің сенімін,
Қазақ қызға қол соғыпты тамсанып.

Берекелі қазақ елі армысың!
Алдарында басын исін қарлы шың.
Қиын кезде тілеулес боп қолдаған,
Әкімдікке шексіз менің алғысым.

**Асанхан ПІРІМЖАРҰЛЫ.**
Боралдай ауыл атырабы.